


Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады

Езекиел: Аян көретін адам



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Lazarus
Alastair Paterson

Бейімдеген: Ruth Klassen

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

Өте ерте заманда күдіретті әскерлер Яһудаға шабуыл жасап, Құдай халқының көпшілігін Бабылға тұтқын ретінде алып кетті. Үйлерінен жырақта сол еврейлер Хобар өзенінің жағасында тұрды.

Олардың арасында
Езекиел есімді
Құдайдың
қызметшісі болды.



Бірде Құдай Езекиелге аян берді. Құдайдың даңқы төрт отты тіршілік иелерінің түрінде жалтылдаған жарық сияқты көрінді. Олардың әрқайсысының төрт жүзі мен төрт қанаты болды. Олардың үстінде түрлі-түсті кемпіркосаққа ұқсас түстерге толы әдемі жақұт тақ орналасыпты.



3

Құдай Езекиелмен сөйлесті. «Мен сені Израилдің ұлдарына жіберем. Оларға Менің сөзімді айт, өйткені олар бағынбайды». Шиыршық кітап ұстаған бір қол пайда болды. «Осы шиыршық кітапты жеп қой, – деді Құдай, – сосын барып Израил үйімен сөйлес».




Қандай қызық бұйрық! Бірақ Езекиел бағынып, шиыршық кітапты жеп алды да кетіп қалды.

4

Құдайдың Рухы Езекиелді көтеріп алып, оны Хобар өзенінің басқа жағында тұрып жатқан тұтқын еврейлерге апарды. Жеті күн бойы ол көргендеріне аң-таң болып, олар отырған жерде отырды. Мұнан соң Құдай Езекиелді күзетші етті. Ол зұлым адамдарды Құдайға бағынбай қоюдан сақтандыру керек болатын.



5



Езекиел адамдарға Құдайдың сөзін түсіндіру үшін көптеген қызық әрекеттерді іске асыруға тиісті болды. Ол Иерусалимнің көрінісін саздан жасалған тақташа үстіне ойып жасады. Мүмкін адамдар ол Иерусалимнің жан- жағын қоршаған күшті әскерді салып жатқанда, оның иығынан асыра қараған да болар. Ол Құдайдың киелі қаласы таяуда қирайтынын көрсетті.

6

Израил, солтүстік патшалық, Құдайға 390 жыл бойы, ал Яһудея, оңтүстік патшалық, 40 жыл бойы бағынбады. Сондықтан да Израил құртылды, ал Яһудея таяуда құлайды. Құдай Езекиелге адамдарға олардың күнә жасаған жылдарын естеріне салу үшін сол жақ қырынан 390 күн, сосын оң жақ қырынан 40 күн бойы жатуды бұйырды.



7



Бәлкім адамдар Езекиелді өте қызық адам деп ойлай бастаған болар. Ол өзіне Құдай әмір еткендердің бәрін орындады. Бір күні ол шашын қырып алып, оның үштен бірін өртеп жіберді. Бұл, Бабыл әскері қалаға шабуыл жасаған кезде, Иерусалимнің тұрғындарының үштен бір бөлігі індет пен аштықтан қырылып қалатынын көрсету керек еді.

8


Езекиел шашының тағы үштен бірін алып, оны семсермен шауып тастады. Бұл адамдардың үштен бірі жаудың семсерінен қырылатынын көрсетуге тиісті болды. Соңғы үшінші бөлікті Езекиел желге ұшырып жіберді. Бірақ ол бірнеше шашты өз киімінің етегіне тігіп, Құдай Өз халқының кейбіреулерін қауіпсіздікте сақтап,



оларды Уәделі жерге қайтарып әкелетінін белгіледі.

9

Бұл батыл пайғамбар тұтқындағы еврейлерге барлығы олар үміттенгендей жақсы болмай, керісінше жаман бола түсетінін айтты. Адамдар Езекиелге ыза болды, алайда ол Құдай Сөзін айтуды жалғастырды. Бір күні ол Израилдің ақсақалдарымен бірге отырғанда, Құдай оған аян берді. Аянда Құдай оны шашынан көтеріп алып, Иерусалимдегі ғибадатханаға апарды.



10

Киелі үйде Құдай Езекиелге бауырымен жорғалаушыларды, арам аңдар мен жалған тәнір мүсіндерін көрсетті. Олар Құдайдың ғибадатханасында ешқашан болуға тиісті емес еді.




11

Ақсақалдар Құдайға емес, оларға табынды. Құдай, сондай-ақ, Езекиелге Өзінің даңқы киелі үйді тастап шығатынын, ал ол қиратылатынын көрсетті. Аян аяқталған кезде, Езекиел бұл туралы еврейлерге айтып берді.



12



Құдайдың айтқандарының бәрі орындалды. Иерусалим талқандалды. Көптеген адамдар өлді. Бабылда тұтқында болған адамдар мұны естіген кезде, олардың арасында Құдай Өзінің халқын біржола тастап кеткен жоқ па деген сұрақ туындады.


13



Бірақ Құдай Өзінің пайғамбарына басқа аян берді. Ол Езекиелді кеуіп қалған қу сүйектерге – адам сүйектеріне толы алқапқа алып келді.

14

«Адам ұлы, мына сүйектер өмір сүре ала ма?»
Құдай Езекиелден осылай сұрады. «О, Жаратқан
Ие Құдайым, оны Сен білесің», –деп жауап берді
Езекиел. Әрине, қу сүйектер
қайтадан өмір сүре алмайды.




15

Жаратқан Ие оған былай деді: «Мына сүйектерге
пайғамбарлық етіп былай де: «Уа, кепкен
сүйектер, Жаратқанның сөзін тындандар! Сендер
өмір сүресіңдер». Ол бағынып соны айтқан кезде,
Езекиел сатырлаған дыбыстарды естіді.
Сіз қалай ойлайсыз, мұның себебі неде?»




16

Пайғамбар болып жатқан жайтты қайран
қалып бақылап тұрған кезде, сүйектер бір-
бірімен қосылып жатты.




17

Содан кейін оларға ет бітті.




18

Ал сосын оларға тері жабылды,
бірақ оларда дем болмады.




19

Жаратқан Ие былай деді: «Адам ұлы, пайғамбарлық
етіп айт: «Төрт жақтағы желден кел, дем. Олар өмір
сүре алу үшін оларға лебіңді үрле». Езекиел осыны
айтқан кезде, оларға дем кірді. Олар тіріліп,
аяқтарынан нық тұрды. Орасан зор әскер алқапты
толтырды.




20

Құдай Бабылдағы еврейлердің Иерусалим құлаған кезде, үмітсіздік сезінгенін білді. Ол Езекиелдің аяны арқылы хабар жолдады. «Мына сүйектер – Исраилдің барлық үйі. – деді Құдай. – Мен саған Өзімнің Рухымды салам және сені өз жеріне қоныстандырам».



21

Құдайдан келген үміттің жолдауы қандай ұлы! Құдайдың Езекиел арқылы берген уәдесі кейінірек еврейлер өз жерлеріне қайтып оралған кезде орындалды. Олар өздерін үйлеріне ЖАРАТҚАН ИЕ Құдай алып келгенін білді.



22

Езекиел: Аян көретін адам

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Езекиел

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

23



29

60

24

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі. Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге не болып, кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр, менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

25